

2015 жылға арналған басым ауыл шаруашылығы дақылдардың тізбесін және субсидиялардың нормаларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2015 жылғы 13 мамырдағы № 144 қаулысы. Маңғыстау облысы әділет департаментінде 2015 жылғы 29 мамырда № 2732 болып тіркелді. Күші жойылды – Маңғыстау облысы әкімдігінің 2015 жылғы 21 шілдедегі № 205 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Маңғыстау облысы әкімдігінің 21.07.2015 № 205 қаулысымен (жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27 – бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 29 мамырдағы № 575 қаулысымен бекітілген Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі-егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауылшаруашылық дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарын субсидиялау қағидаларының 8-тармағына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, 2015 жылға арналған басым ауыл шаруашылығы дақылдардың тізбесі және басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы жанар-жағармай материалдары мен көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауылшаруашылық дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын арзандатуға арналған субсидиялар нормалары (1 гектарға) белгіленсін .

2. «Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (Б. Е р с а й ы н ұ л ы) :

осы қаулының «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі мен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын, Маңғыстау облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналасуын қамтамасыз етсін;

осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Р.М. Әміржановқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

А. Айдарбаев

« К Е Л І С І Л Д І »

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрі
А . С . М а м ы т б е к о в

13 мамыр 2015 жыл.

«Маңғыстау облысының
қаржы басқармасы»
мемлекеттік мекемесінің басшысы
М . Б . А л ь б е к о в а

13 мамыр 2015 жыл.

«Маңғыстау облысының экономика
және бюджеттік жоспарлау басқармасы»
мемлекеттік мекемесі басшысының
міндетін атқарушы
С . Н а р е ш о в а

13 мамыр 2015 жыл.

«Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы»
мемлекеттік мекемесінің басшысы
Б . Е р с а й ы н ұ л ы

13 мамыр 2015 жыл.

Маңғыстау облысы әкімдігінің
2015 жылғы 13 мамыр
№ 144 қаулысына
қосымша

**Перечень приоритетных сельскохозяйственных культур
и нормы субсидий (на 1 гектар) на удешевление стоимости
горюче-смазочных материалов и других товарно-материальных
ценностей, необходимых для проведения весенне-полевых и
уборочных работ, путем субсидирования производства приоритетных
культур и стоимости затрат на возделывание сельскохозяйственных
культур в защищенном грунте на 2015 год**

№ п/п	Наименование приоритетных сельскохозяйственных культур	Нормы субсидий, тенге
1	Овощные и бахчевые культуры (традиционная технология)	20 000
2	Овощные и бахчевые культуры (капельное орошение промышленного образца)	72 000
3	Овощи защищенного грунта возделываемых промышленных теплицах (1 культурооборот)	3 500 000
4	Овощи защищенного грунта возделываемых фермерских теплицах (1 культурооборот)	1 300 000